


«АйКүн» бөбекжай - балабақшасының
Ересек тобына арналған
«Жас сарбаз»

Тәрбиеші: Қуанышова К.Н

Ақтөбе 2025ж



«Жас сарбаз» спорттық-сауықтыру ойыны

Ересек «Құлыншак» тобы

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, батылдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, дене шынықтыруға қызығушылығын дамыту.

Қажетті құралдар: жалаушалар, конустар, құрсаулар, доптар, арқан, кедергілер, медальдар.

Барысы

(Салтанатты марш әуені ойналады. Балалар әскери киімде немесе жасыл түсті футболкамен, колдарына жалауша ұстап саппен кіреді.)

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар және бүлдіршіндер!

Бүгін біз Отан қорғаушылардың ерлігін үлгі ете отырып, «Жас сарбаз» спорттық-сауықтыру ойынына жиналдык.

Нағыз сарбаз – батыл, шапшаң, мықты әрі тәртіпті болады. Ендеше, бүгін өзіміздің күшімізді, ептілігімізді сынап көрейік!

Топтардың таныстырылымы

1-топ – «Қыран»

Ұраны:

Қыран құстай самғаймыз,
Жеңіске біз талпынамыз!

2-топ – «Тұлпар»

Ұраны:

Тұлпардай біз шабамыз,
Биік белес аламыз!

Жалпы қыздыру жаттығулары

(Марш әуенімен саптық жүру, қолды жоғары көтеру, оңға-солға бұрылу, отырып-тұру, секіру.)

Сайыс кезеңдері

1-кезең – «Саппен жүру»

Балалар белгіленген бағытпен саптарын бұзбай жүреді.

2-кезең – «Кедергіден өт»

Конустардың арасымен жүгіріп, құрсаудан өтіп, межеге жету.

3-кезең – «Дәл мерген»

Балалар допты себетке немесе нысанаға дәл лақтырады.

4-кезең – «Жаралы жауынгерге көмек»

Балалар ойыншықты немесе қуыршақты зембілге салып, мәреге дейін бірге алып келеді.

5-кезең – «Арқан тарту»

Екі топ өзара күш сынасады.

Сергіту сәті «Сарбаздар» биі немесе әскери марш ырғағымен қимыл-қозғалыс.

Қорытынды

Жүргізуші:

Бүгін барлық балалар өздерінің батыл, епті және ұйымшыл екенін көрсетті. Сендер – еліміздің болашақ қорғандарысыңдар! Әрқашан дендерің сау, күшті әрі батыл болыңдар!

Марапаттау

Барлық қатысушыларға:

* «Жас сарбаз» медалі;

* мақтау қағазы немесе тәтті сыйлықтар табысталады.

Барлығы бірге:

Отанымыз аман болсын!

Еліміз тыныш болсын!

Біз – Қазақстанның жас сарбаздарымыз!

